

**ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТИ
ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫ**

**7М01701 ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
ПӘННІҢ АТАУЫ: ӘДЕБИЕТТІ ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

***ДӘРІС ОҚИТЫН:
ФИЛОСОФИЯ ДОКТОРЫ (PHD)
А.А.АКБУЛАТОВ***

ОРАЛ, 2022 Ж.

КУРСТЫҢ МАҚСАТЫ:

Әдебиетті оқыту әдістемесінің өткен кезеңдерімен салыстыра келе жаңа мазмұнды, ілгерілей дамыған әдебиеттің өзіндік ерекшеліктерін таныту;

Бұл тұстағы әдебиеттің тақырыптық, проблематикалық, жанрлық негізгі белгілерін таныту;

ЖОО мектепте қазақ әдебиетін оқытуға қойылатын талаптар мен ережелерді ескеру;

Жанр түрлерін оқытудың өзіндік ерекшеліктерін ескеру;

Қазіргі әдебиетті қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-әдеби процесте қарастыру. Әдебиеттің кезеңдерін оқыту барысында қазақ прозасы мен поэзиясындағы жанрлық өзгерістердің ерекшеліктері, әдеби туындының құрылуын түсіндіру;

Қазіргі кезеңдегі оқыту жүйесінің ерекшеліктері мен оқу үрдісіндегі жаңалықтарды және оқытудың жаңа технологиясының өзіндік ерекшеліктерімен таныстыру;

КУРСТЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

Тәрбие берудің қонымды жолдары, өнімді жолдарынан іздену, ұлттық тәрбиені, адамзат баласының ұрпағын тәрбиелеудегі ұтымды іс-тәжірибесімен ұштастыра отырып жүргізудің нақты бағыттарын көрсету;

Білім мазмұнын байыту, оны жүзеге асыру технологиясынан іздену;

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі шығармашылық тұлғаның үлгісі туралы, рухани-эстетикалық үрдістері туралы түсінік қалыптастыру;

Қазіргі қазақ әдебиеті шығармаларының баяндаушылық ерекшеліктерімен таныстыру, кейіннен теориялық және әдістемелік қорытындылау арқылы әдеби мәтінді талдау дағдыларын жетілдіру және оны екінші тұлғаға жеткізуге көңіл аудару;

Болашақта әдебиеттің жемісті дамуы үшін үздіксіз генезис шеңберінде ұлттық әдебиеттің әлемдік әдебиетпен терең байланыстар, халықтың әдеттегі рухани, мәдени құндылықтары туралы жалпы түсінік беру үшін негіз қалыптастыру және оны өз іс-тәжірибелерінде пайдалану;

№1 дәрістің тақырыбы: Қазақ әдебиеті пәнінің жоғары мектептің әдеби білім мазмұнының құрылымдық жүйесіндегі орны және зерттелу деңгейі

Мақсаты: Пәнге жалпы мазмұндық сипатына шолу, негізгі ұғым түсініктерге тоқталу.

Жоғары оқу орындарындағы әдебиет пәні адамтану, адам тәрбиелеу және сөз өнері ретінде студенттердің – дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастырып, «адам-қоғам» жүйесіндегі қарым-қатынастың ізгілікті сипатын түсініп білуіне көмектеседі. Қазақ әдебиетінің асыл маржандары, тағылымы терең танымал туындылары кәсіби білімденуші болашақ әдебиетші мұғалімдердің өмірге, көркем өнерге деген құштарлығын ғана дамытып қоймайды, ол сонымен қатар әр тұлғаның көркемдік әлемімен тұтастықта өзін өзі жетілдіруіне де ықпал етеді. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана» – деп түйіндеуі болашақ әдебиет пәнінің мұғалімдерінің қазақ әдебиетін саналы түрде оқып зерделеуін міндеттейді. Әдебиет пәні арқылы студенттердің рухани құндылықтары дамиды, төл мәдениеті мен туған тарихына, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігі арта түседі, өйткені әдебиет адамның жан дүниесіне әсер етеді, адамның жүрегінің түпкірінде жатқан нәзік сезімді оятады.

Жоғары мектептегі қазақ әдебиетін оқыту студенттердің имандылыққа, инабаттылыққа, парасаттылыққа, сұлулыққа деген іңкәр көңілін, өмірге деген құштарлығын және таным көкжиегін кеңейтуге септігін тигізеді. Ең бастысы, әдебиет пәні арқылы олар өздерінің таңдаған мамандықтарының ғажайып ерекшеліктерімен бетпе-бет келеді. Әдебиеттегі психологизм, адам тағдыры, адам мүмкіндіктері, адамның ойлау қабілеті, өзіндік санасының қалыптасуы білімденушілердің әдеби көркем шығармалардан алған өнегелік, тәрбиелік мазмұнмен сабақтасып жатады.

Өзіндік бақылау сұрақтары:

1. Көркем шығарманың авторлық идеясы аруақтарды қорлау деген түсініктерге, имандылыққа саятындығы, авторлық идеяның түпнегізі адамдардың бір-біріне опасыздығы, пейілдің бұзылуы, қара ниеттіліктің бір өз басына, айналасына жаза, зауал ретінде оралатындығын, адамдардың айуандық әрекеттерін үлкен үйдегі үрей елес арқылы символикалық мәнде жеткізу екендігін дәлелдеп айтып беріңіз.
2. С.Досжанның сюрреалистік сипаты басым романы ХХІ ғасырдағы өркениетті қоғамда адам баласының ашылмаған тылсым құпиясын ашуға ұмтылған көркем әдебиеттегі гуманистік ізденіс қадамы адамды имандылыққа шақыру деген түсінікке саятындығын мысалдармен көрсетіп баяндаңыз.

№2 дәрістің тақырыбы: Қазақ әдебиетін жоғары мектепте оқытудың философиялық аспектілері

Мақсаты: Қазақ әдебиетін оқытудың философиялық негіздерінің білім беру мен оқытудың тұлға қалыптастырушылық, дүниетанымдық мәнін айқындау.

Кез келген дүниенің, ғылыми ізденістің рухани негізін іздеу мен рухани даму жолын зерделеу үшін адам үнемі халық даналығына немесе адам өмірі, адамның дүниеге қатынасын құрайтын философиялық мазмұнға сүйенеді. Ұлт философиясына сәйкес ұлттық білім беру негіздері қалыптасады. Философ Т.Х.Ғабитов: «Ұлттық философия – халықтың өзін-өзі тұрақтандыратын және оның барлық әрекеттеріне негіздеме беретін, оның асқақ мұраттарын қалыптастыратын рухани ізденіс аймағы. Ұлтымыздың философиясын, дүниетанымын зерделеудегі басты мәселе біздің өскелең ұрпаққа басқа елдермен терезесі тең боларлық рухани қор жинадық па, жинамадық па деген сұраққа барып тіреледі», – дейді. Бұдан біз жаһандық үрдістегі жоғары кәсіби білім беру жүйесінде жаңа заманауи роман жанрын оқытудың философиялық негіздерінің рухани байлықпен бағамдалатынын аңғарамыз. Тәуелсіздіктің келуімен ұлттық төл философиямызға, ұлттық білім беру философиясына деген көзқарастар өзгеріп, сондай-ақ қоғамдағы әртүрлі экономикалық, саяси, әлеуметтік себептерге байланысты да білім философиясы біршама даму, өрлеу үстінде. Ал білім – адамның белгілі бір жүйедегі ұғымдарының, деректері мен пайымдарының жиынтығы. Білім-адамзат мәдениетінің ауқымды ұғымдарының бірі болып табылады. Ол сана, таным, ойлау, ақиқат, ғылым және т.б. күрделі де терең ұғымдармен тығыз байланысты, әрі солар арқылы анықталады.

- Л.Сафронованың «Қазақстандағы постмодернистік әдебиет және қазіргі әдебиеттану» атты монографиялық еңбегінде автор, кейіпкер және постмодернизм мәселесі туралы терең талдау жасалып, қазақ авторларынан Х.Әдібаев, А.Жақсылықов, Д.Амантай сынды модернистік және постмодернистік әдебиет өкілдерінің шығармалары негізінде көркем мәтіннің жанрылық табиғаты, «автор-кейіпкер-оқырман» арасындағы коммуникативтік, қазіргі образ мәселелері сынды әдебиеттану ғылымының көкейкесті мәселелері жан-жақты талданады.
- ХХІ ғасыр роман жанры теориясын зерттеуде Б.Майтановтың соңғы жылдары жазған ғылыми еңбектерінде жалпы поэтика мәселелелерін әлемдік контексте қарап, жаһандық құбылыстар мен ұлттық әдебиеттер арасындағы ортақ тенденциялар, модернизм мен постмодернизм туралы тұжырымдарды қозғауы қазақ әдебиетінде жаңаша сөйлеуге ұмтылған прозадағы мәтіндік құбылыстардың тәжірибелерде жүзеге асуын ескеріп отыруы болатын.
- Ғалым қазақ әдебиеті проза жанрындағы жаңашылдықты көркемдік әдістер мен әдеби ағымдардың бір-біріне ықпал етуінен, әдеби үрдістегі модернизм мен постмодернизмді сабақтастыра қарайды. Аталған ағымдардың қазақ әдебиетінде тамыр жаюын өткен ғасырдың әдебиетінен іздеуге тырысады.
- Сондықтан Б.Майтановтың прозаны жаңаша әлемдік рухани-мәдени үрдіспен тығыз бірлікте зерттеуге ұмтылған еңбектері бүгін әдебиеттану ғылымының әдіснамасы үшін маңызды тың теориялық еңбек болып табылады.

Қазіргі заманауи тәжірибелерге сүйенсек, қазақстандағы білім беру философиясында гуманитарлық ұстанымдары мен ұлттық ерекшеліктеріміздің көзге көріне бермейтін тұстарын, таза ұлттық менталитетімізді айшықтап жеткізудің орны ерекше. білім беру саласының қай жүйесінде болмасын, әсіресе, жоғары білім беру жүйесінің кәсіби мамандарын даярлау үрдісінде ғасырлар бойы жинақталған тәжірибелерді педагогикалық іс-әрекет теориясы тұрғысынан қарастыру бүгінгі оқыту үдерісіндегі басты талап болып саналады.

Өзіндік бақылау сұрақтары:

- 1. Әдебиетті жоғары мектепте оқудың философиялық мәні неде?***
- 2. Тарихи романдарда ұлттық сана, ұлттық болмыстың символикалық мәнде бүгінгі өмірімізбен байланысты көрініс табуы, ұлттық құндылықтар мәселесінің сөз болуы нені меңзейді?***
- 3. Өткен тарихи сана мен бүгінгі болмыс арасындағы көзге көрінбейтін рухани сабақтастың мәнін ашудағы автордың батыл байламдарын роман мәтінінен тауып, өз ойыңызша интерпретациялаңыз.***

№3 дәрістің тақырыбы: Жоғары мектепте қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің психологиялық-педагогикалық негіздері

Мақсаты: Жоғары мектептегі қазақ әдебиетін оқытудағы білім мазмұнындағы дамытушылық, шығармашылық, ізденушілік іс-әрекеттер арқылы студенттердің әлеуметтік құнылықтарын дамыту, ұйымдастырушылық қызметін талдау

Педагог ғалымдардың пікірінше, білім беру парадигмасының қазіргі жаңару дәуірінде тұлғаның өзін-өзі дамытуы ішкі факторлармен қиыса отырып, өзіндік сана мен креативті ойлауды қалыптастыруға бағытталады. Болашақ маман тұлғасының қарым-қатынасқа қабілеттілігін, педагогикалық және психологиялық үрдістегі субъект, субъектілік қатынастарды дамыту педагогтер мен психологтардың зерттеулеріндегі «Мен–концепциясы» шеңберінде зерттелетіндігін әдебиетті оқытудың тұлға қалыптастырушылық міндетімен байланыстыратын болсақ, әр адам өзінің іс-әрекеті, мінез-құлқы, ойы, жетістігі мен кемшілігі, арман-қиялы мен мақсат-мұратының орындалуында өзіне ұнаған кейіпкердің бейнесін өзіне прототип етіп алады. Бұл, әдебиеттің адам психологиясын ашудағы мәнімен сәйкес келеді. Мәселен, ХХІ ғасыр романдарының ішінде қазіргі студенттер тарихи романдарға қарағанда бүгінгі жастар өмірін бейнелейтін шығармаларға көбірек қызығушылық танытады. Бұл біріншіден, олардың психологиялық жас ерекшеліктеріне, екіншіден, өмірлік бағыттарының заманауи ұқсастықтарына, үшіншіден, таңдау мен талғамдарының кей жағдайларда ұштасып жататындығымен сипатталады. Көркем шығарманың психологиялық нышандарға құрылуы жастардың өмірлік мәндік мағыналарды іздеуіне, рухани әлеуетін ашуға және өз бетінше әрекеттенуін күшейтуге жұмылдырады.

XXI ғасыр романдарын оқытудың психологиялық аспектілерін студенттердің әдеби туындыны қабылдау, түйсіну, ұғыну, сезіну мәселесімен байланыстыруға назар аударылуы тиіс. Энциклопедиялық сөздікте: «қабылдау – бұл тұлғаның өмірлік, эстетикалық, оқырмандық және эмоционалдық жай-күйді басынан кешіретін тәжірибесі арқылы өтетін өте күрделі шығармашылық үрдіс»,– деп анықтама беріледі.

Көркем туындыны меңгертуде студенттер оқытушымен *оқылым, қабылдаудың өзіндік ерекшеліктері, талдау сияқты* үш негізгі кезеңнен өтеді.

Қазіргі ғылым жоғарыда аталған түсініктерді бір-бірімен кіріктірілген интеграциялық бірлікте қарауды ұсынады. Көркем мәтінді талдау, түсіндіру, меңгертудің әдістемесі білім алушы студенттердің әдеби жанрлар мен тектер туралы, әдеби талдаудың жалпы әдістемелік тұрғылары туралы түсініктерінің болуын міндеттейді. Бүгінгі таңда әдеби туындыны қабылдау мәселесі әртүрлі деңгейде зерттелді, атап айтсақ, әртүрлі жанрдағы туындыларды қабылдаудың кезеңдері мен негізгі ерекшеліктері, оқырмандардың аудиториясы, қабылдау құрылымы, көркем туындыны қабылдау мен талдаудың өзара байланысы О.Ю. Богданова, Л.С. Выготский, Н.А. Демидова, Л.Г. Жабицкий, М.Г. Качурин, Н.О. Корст, А.Н. Леонтьев, В.Г. Маранцман, П.М. Якобсон және Т. Ақшолақов, Қ.Алпысбаев, Б.Сманов, Т.Жұмажанова, А. Тамаев және т.Б. Отандық ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылды.

Бекіту тапсырмалары мен бақылау сұрақтары:

- 1. «Синтетикалық психологизмде сюжет тереңдігі, қоғамдық-саяси тартыстар желісі, суреттеу құрылымындағы динамизм басым. Осыдан келіп, синтетикалық психологизм дегеніміз – қоғамдық тартыстағы кейіпкер көрсететін іс-әрекет, қақтығыстар, сыртқы кескін-келбет, бет-жүздегі құбылулар екендігін қорытуға болады»,– деген Б.Майтановтың тұжырымы бойынша М.Мағауиннің «Жармақ» романын талдаңыз.*
- 2. Синтетикалық элементке қарама-қайшы, бірақ онымен өзектес сана ағымындағы күрделі толқындарды суреттеу, ішкі толғаныстарды көрсету, жан диалектикасын бейнелейтін әдіс қалай аталады?*
- 3. «Психологиялық талдаудың аналитикалық түрінде эмоционалдық қозғалыс ой қозғалысына дем беріп отырады»,– деген Г.Пірәлиеваның пікірін өз ойыңызша түсіндіріп, дәлелдеп айтыңыз.*

№4 дәрістің тақырыбы: Жоғары мектепте қазақ әдебиетін оқытудың кәсіби білім берудің типтік оқу бағдарламаларында әдістемелік қамтылуы мен тақырыптық негізделуі

Мақсаты: Болашақ мамандарға зерттемелік және практикалық мәселелерді ғылым, мәдениет және техника жетістіктерін шығармашылықпен пайдалана отырып, өз бетімен жауапкершілікпен шешуге мүмкіндік беретін жүйеленген білім жиынтығы мен іс-әрекет дағдыларын меңгерту

Жоғары мектептегі қазақ әдебиетін оқыту үдерісі жалпы педагогика ғылымында қалыптасқан ұстанымдар мен қағидаларға сүйенеді. Педагогиканы дербес ғылым ретінде дамытып, оқытуды ұйымдастырудың теориясын жасаған чех педагогі Ян Амос Коменскийдің «Ұлы Дидактика» атты еңбегі оқу-ағарту жүйесін ұйымдастырудың жолдары мен тұлғаны қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындау мәселесіне арналды. Я.А.Коменскийдің ізімен батыс еуропалық педагогикада ағылшын педагогі Джон Локк, француз педагогі Жан-Жак Руссо, швейцар педагогі Иоганн Генрих Песталоцци, неміс педагогі Иоганн Гербарт пен Адольф Дистервег, орыс педагогі К.Д.Ушинский және т.б. ағартушы-педагог тізбегі қалыптасты. К.Д.Ушинский еңбектері негізінде Ресей құрамында болған мемлекеттердегі ғылыми педагогиканың негізі қаланып, оқу-ағарту жүйесі дамыса, қазақ педагогикасының бастауында Ы.Алтынсариннің есімі аталады.

Жоғары мектепте білім берудің мақсаты болашақ мамандарға зерттемелік және практикалық мәселелерді ғылым, мәдениет және техника жетістіктерін шығармашылықпен пайдалана отырып, өз бетімен жауапкершілікпен шешуге мүмкіндік беретін жүйеленген білім жиынтығы мен іс-әрекет дағдыларын меңгерту болып табылады. Кәсіби мамандарды білімдендіру мен тәрбиелеу туралы ғылым болғандықтан, жоғары мектеп педагогикасына адамның зияттық қабілетін, тұлғалық және адамгершілік қасиеттерін кемелдендіру міндеттеледі. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту тиіс», – деп көрсетілуі білім берудің мемлекет тарапынан қолдау табатын құрылым екендігін байқатады.

Жоғары кәсіби білім беру өзінің даму логикасы, қатысушыларының бірізді әрекеті, құрылымы, бағынатын ұстанымдары бар, бір-біріне байланысты элементтердің жиынтығынан тұратын көп аспектілі, көп компонентті үдеріс. Жоғары мектепте оқытудың негізгі компонентіне ғалымдар: оқу, оқылатын пәннің білім мазмұнын, оқытушының әрекетін, білім алушының әрекетін және білім беру ақпаратын жатқызады.

ҚР жоғары мектептеріндегі оқыту үдерісінің ерекшеліктерін Т.Сабыров: «Студенттерге берілетін ғылыми білімнің теориялық деңгейінің жоғары дәрежеде болуы; мамандар даярлаудың профильдерін кеңейту; оқу әрекетінің интеграциясын жүзеге асыру; оқытуда студенттердің өзіндік шығармашылық әрекетін арттыратын ғылыми зерттеудің әдістеріне жақын келетін оқыту әдістерін кең түрде қолдану», – деп сипаттайды. Ғалым З.Бейсенбаева: «Біраз ғалымдар жоғары мектептің өзіне тән дидактикалық ұстанымдары болуы керек десе, біраз ғалымдар орта мектеп дидактикасының қалыптасқан дәстүрлі оқыту әрекеттерін жоғары мектептің жағдайына сәйкестендіріп қолдануды ұсынады. Әрине, жоғары мектеп пен орта мектептегі білім беру үдерісінің мазмұны, мақсаты, әдіс-тәсілдері жағынан өзгешеліктері болғанымен, қалыптасқан жалпыдидактикалық ұстанымдарды білім берудің негізгі түп қазығы деп есептейміз», – дейді.

БЕКІТУ СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

- 1. Қазіргі рухани-мәдени кеңістіктегі постмодернизм құбылысын анықтамалық кесте түрінде оқулық және ғылыми еңбектермен жұмыс жасау арқылы теориялық-әдістемелік тұрғыда талдаңыз.*
- 2. Тәуелсіздік тағылымы: көркем әдебиеттегі рухани-адамгершілік идеялардың «Рухани жаңғыру идеясымен сабақтастығы» тақырыбында реферат дайындаңыз.*

№5 дәрістің тақырыбы: Қазақ әдебиетін жоғары мектепте оқытуда қолданылатын инновациялық технологиялар мен интерактивті әдіс-тәсілдердің әдістемелік әлеуеті және қазіргі оқыту

Мақсаты: Жоғары оқу орындарындағы қазақ әдебиеті пәнін оқытуда интерактивті әдістерді қолдану

Қазіргі өзгермелі дүние жағдайында студенттердің тұлға ретінде жетілуінің басты факторы – оларды адамдармен тіл табыса жұмыс істеуге төселдіретін, қоғамдағы бәсекелестікке бейім адамды тәрбиелеудің өзегі саналатын интерактивті әрекет болып табылады. Мұнда тұлғаның қарым-қатынас мәдениетіне, сөйлеу мәнеріне, этикеттік орамдарды дұрыс қолдана білуіне дағдыландыруға назар аударылады.

Жоғары оқу орындарындағы қазақ әдебиеті пәнін оқытуда интерактивті әдістерді қолдану болашақ мамандардың кәсіби дамуына ықпал етеді. Интерактивтік іс-әрекеттің негізгі идеясы – өзара түсіністікке, ынтымақтастыққа негізделген достық ахуал жағдайындағы екіжақты және көпжақты қарым-қатынас, пікірлесім, тілдесім.

Бүгінгі таңда білім беру саласындағы жаңа технологияларды меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес, өйткені ақпарат мәселесі қоғамдағы түйінді мәселелер қатарынан орын алады.



- Елімізде кәсіби бағдар берудің жаңа жүйесін жасау, бәсекеге қабілетті және құзыретті маман даярлау бүгінгі күннің басты талабы. Мұндай маман дайындау үшін білім беру үдерісін белсендіру, оқытудың жаңа формалары мен әдіс-тәсілдерін, технологияларын жетілдіру керек. Осы бағытта жоғары мектеп педагогикасының күрделі де маңызды бір мәселесі – студентті болашақ мамандығына бейімдеу, кәсіптік біліктілік құзыреттіліктерін қалыптастырудың маңызы зор.
- Қазақстандық бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім, тағылымды тәлім-тәрбие беру үрдісінде қазіргі заманғы электронды ақпараттық-қатынастық технологияларды тиімді пайдаланудың орны ерекше. АҚТ-ны пайдалануды заман ыңғайына қарай оңтайлы дамыту – ХХІ ғасырда кез келген мемлекеттің дамуында аса маңызды орын алады. Ғылыми-технология мен ақпараттық-қатынас, электронды құрал-жабдықтар орасан зор қарқынмен дамыған қазіргі заманда әлемдік озық технологияларды өзінің экономикалық өсіп-өркендеуіне, қоғамдық-әлеуметтік жағдайының жақсаруына тиімді іске жарату кез келген мемлекеттің дамуында негізгі қозғаушы күш болып табылады.
- Инновация ұғымы кең мағынасында жаңарту, өзгерту дегенді білдіреді. Ғалым Қ.Құдайбергенова: «Инновация білім беру, тәрбиелеу жұмысына жаңалық енгізу, яғни жаңа әдіс-тәсілдерді, амалдарды, құралдарды жаңа концепция жасап, оларды қолдану», – деп анықтама берген.

-



БЕКІТУ СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

Кейс әдісі бойынша сабақта берілетін жағдаяттық сұрақтар:

- Қазіргі қазақ әдебиетінде постмодернизм құбылысы бар ма? Ғалым Д.Ысқақ қазақ әдебиетінде постмодернизм жоқ дегенді айтады.
- Әлемдік мәдениеттер тоғысындағы постмодернизмнің барша мәдениеттер өлшеміне енуі туралы Сіздің көзқарасыңыз?
- Постмодернизмге тән көркемдік амалдар, өлшемдер бар ма?
- М.Мағауиннің «Жармақ», С.Елубайдың «Жалған дүние» романдарындағы кейіпкер психологиясын ашу тәсілдерін анықтап, өз ойыңызды кітап мазмұнына сәйкес түсіндіріңіз.
- Д.Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» романының философиясы, авторлық идеясының түпқазығы, айтпақ ойы неде?
- Кейіпкер Әлішердің әлеуметтік мұңы неден байқалады?

№6 ДӘРІСТІҢ ТАҚЫРЫБЫ: КОМПЬЮТЕР АРҚЫЛЫ ӘДЕБИ МӘТІНДЕРДІ МЕНГЕРТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

***МАҚСАТЫ:** Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, қашықтан оқыту, дара тұлғаға бағыттап, оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылату*

- Әдебиет сабағында оқу ақпаратын ақпараттық технология жағдайында меңгерумен байланысты оқу әрекетінің түрлері. Қазіргі кезде жұмыс істеп жүрген, өндірістен қол үзбей сырттай оқитын қызметкерлерге де қашықтықтан білім беру жүйесі өте тиімді тәсіл болып табылады. Компьютер оқу материалының берік мүмкіндігін едәуір кеңейтеді. Түсті графиканы, мультимедианы, бейнетехниканың барлық мүмкіндіктерін пайдалану оқушыға ерекше психологиялық әсер етеді. Сонымен қатар компьютер оқу мотивін күшейтуге мүмкіндік береді.
- Телекоммуникациялық құралдарын пайдалану оқу үрдісінде жаңа құбылыс болып табылады. Компьютерлік телекоммуникациялардың осы заманғы жүйесі физика бойынш өткізілетін, әр аймақ оқушылары қатыса алатын оқу жобаларын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.
- Мультимедиа-оқытудың әр түрлі құралдарын пайдалану: басылған оқу құралдары, аудио және видео жазбалар, компьютерлік оқу бағдарламалары және т.б. Мультимедиа-компьютерде дыбысты, ақпаратты, тұрақты және қозғалыстағы бейнелерді біріктіріп көрсету үшін жинақталған компьютерлік технология. Ол ақпаратты кешенді түрде бейнелеуді-мәліметтерді мәтіндік, графикалық, бейне, аудио және мультипликациялық түрде шығаруды жүзеге асырады.

Бірнеше ақпараттық технологияларды қолдануға арналған мультимедиа білім беру ісінде ең тиімді әдіс болып табылады. Мәселен, компьютер мен адамның арасындағы байланысты арттырады, дауыс шығару, бейне электрондық оқулықтар және оқу құралдары, энциклопедиялар, виртуальдық (компьютермен жасалған) әлем, бағдарламамен оқу және жаттығулар. Мультимедиа технологиясының өркендеуіне байланысты оқу үрдістері түрлі көрнекілік құралдармен толығы бастады. Мультимедиа технологиясы білім беру саласында ең керекті құралдардың біріне, әрі дербес компьютерді кеңінен қолдануға жол ашты. Қазіргі мультимедиа құралдары материалдары жағынан өте ақпараттық құрылымдар жасауға мүмкіндік береді. Мультимедиа құралдардың дыбыстық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, акустика сабақтары бойынша қызғылықты бағдарламалар жасауға болады.

Білім беру траекторияларын жүзеге асырумен байланысты мәселелерді шешудің айқындалған жолдарының бірі-интернет болып табылады. Интернет жүйесіндегі CD-ROM интерактивті дискілер, хабарландырудың электрондық тақталары, мультимедиалық гипертекстер сияқты жаңа электрондық технологиялар mosaic және www интерфейстің көмегімен оқушыларды оқу үрдісіне белсенді түрде тартуға мүмкіндік беріп қана қоймайды, дәстүрлі оқыту әдістерінің көпшілігінен айырмашылығы, оқыту үрдісін басқаруды да жүзеге асырады. Дыбыс пен қиындық, образ бен тақырыптың интеграциясы мүмкіндіктері мол оқыту ортасын жасайды, бұл ортаның дамуымен қатар оқушылардың оқыту үрдісіне қатыстыру дәрежесі де өсе түседі. Жоғарыда айтылғандай жаңа материалды жеткізудің жиі кездесетін түрі электрондық оқулықтар болып табылады. Электрондық оқулықтар бір мезгілде жаттығуларды, лабораториялық жұмыстар мен тесттерді, яғни бір мезгілде білім беру мен бақылау жасауды да құрайды.



БЕКІТУ СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

- Қазіргі заманауи романдары мәтіндері аллюзиялардан, реминисценциялар мен дәйексөздерден тұрады. Осы ұғымдар жайлы не білесіз? Олардың романдар құрылымындағы атқаратын қызметі қандай?*
- Постмодернизм үшін қандай қағидаттар мен ұғымдар тән?*
- Сіз өз бетіңізбен қазіргі ХХІ ғасыр тарихи және заманауи романдармен танысуды жалғастырасыз ба?*
- Аудиториядан тыс орындалатын сабақтарда ХХІ ғасыр тарихи және*
- заманауи романдарын оқығыңыз келе ме?*

№7 дәрістің тақырыбы: Қазіргі ХХІ ғасыр қазақ романдарын оқытуда әдеби характер мен типтерді талдаудың инновациялық жолдары мен әдістері

Мақсаты: ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдығында жазылған романдарды тарихи шындық пен көркемдік шешім поэтикасы заңдылықтары бойынша саралап талдау

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: «Сонымен біз тәуелсіз мемлекет құрдық. Өз тарихымызда тұңғыш рет осындай қалыпта, осындай аумақта құрдық. Біздің уақытымыздың бұлжымас фактісі, міне, осы!»,–деген сөздері уақыт бедерінде таңбаланып қалған тарихи сөздер. Қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетінің, тілі мен тарихының тұғыры ретінде Тәуелсіздік ұғымының қазақ әдебиетінде суреттеліп, еліміздің рухани қазынасына айналуы қазақ әдебиетін оқытатын мұғалімдер мен оқытушыларға да байланысты екендігі сөзсіз. Бүкіләлемдік өркениеттік қауымдастыққа өзінің мәдениетімен,соның ішінде көркем әдебиетімен, ұрпағына мол мұра қалдырған ірі тұлғаларымен танылуға ұмтылған елдердің бірі ретінде Қазақстан Республикасы қазіргі уақытта ұлттық жаңару, жаңғыру жолында дамып келеді. Қазақ халқының басынан өткен тарихи шындығы ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басындағы қазақ романдарында жазыла бастады. Қ. Жұмаділовтің «Прометей алауы», Қ.Мұқамбетқалиевтың «Тар кезең», Ж. Ахмадидің «Айтұмар»,Н. Қуантайұлының «Қараөзек» және т.б. қаламгерлердің романдарында ұлттық тарихтың ақтаңдақ беттерінің қамтылуы, күрделі тағдырлы тарихи тұлғалар мен оқиғаларды әдеби үдерісті талдаудың жаңашыл әдіснамалық әдіс-тәсілдермен қарастыруға назар аудара отырып, жұмыста ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдығында жазылған романдарды тарихи шындық пен көркемдік шешім поэтикасы заңдылықтары бойынша саралап талдау мынадай бағытта қарастырылды.

Роман жанрында тарихи шындықтың бейнеленуінің қазіргі уақыт аясындағы қамтылуы;
жаңа заман романдарындағы реалистік сипат пен көркемдік шарттылық жинақтауларының сабақтастығы;
тарихи тұлғалар мен оқиғалардың көркемдік шешіммен жинақтала бейнеленуі; әдеби бейнелердің прототиптік негізділігінің мәні;
кейіпкерлерді даралау мен мінездеудің психологиялық ерекшеліктері;
романдардың идеялық-композициялық желісіндегі ұлттық-этнографиялық сипат болмысы;
тәуелсіздік үшін күрескен хандар, батырлар, ұлтымыздың көсемдерінің тарихи романдар арқылы сомдалуындағы көркемдік мақсат.

XXI ғасырдың қазақ әдебиетінде тәуелсіздің алғашқы жылдарында өзіне дейінгі дәстүрлі қалыптасқан көркемдігін дамыта отырып, жаңа тұрпатты әдебиет туындады. Бұл сипатта XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасырдың басындағы қазіргі қазақ әдебиетінің дамуында ұлт тарихының ежелгі замандардан қазіргі кезеңге дейінгі аралығында бұрын кең қамтылмаған ақтаңдақ беттерін зерделеп жазу үрдісі өрістеді. Сонымен қатар, көркем шығарманың мазмұны мен пішінінде бұрынғыдай саяси-идеологиялық қатаң бақылауға, шектеуге жалтақтап жазудан арылған хал-ахуал қалыптаса бастады. «Адам–қоғамның басты құндылығы» деп бағаланып отырған қазіргі жаһандану жағдайындағы әдебиетте қаламгерлердің жазушылық шеберханасындағы сабақтастық пен олардың көркем шығармаларында көтерілген мәселелерге соны ізденістер, жаңа көзқарас тұрғысынан қарау, қағаз бетіне түскен ой-пікірлерді, ана тілінде жазылған әр жанрдағы туындыларды парықтау, пайымдау қажеттігі туындайды.

БЕКІТУ СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

- Әдеби бағыт ретінде постмодернизм жайлы не білесіз?*
- Қандай заманауи жазушыларды, сондай-ақ постмодернист қаламгерлерді білесіз?*
- ХХІ ғасыр тарихи және заманауи романдарды оқу барысында сізге қалай әсер етті?*

№ 8 дәрістің тақырыбы: Әдебиетті жоғары мектепте оқытуда қолданылатын инновациялық технологиялар мен интерактивті әдіс-тәсілдердің әдістемелік әлеуеті

Мақсаты: интербелсенді әдістердің қазақ әдебиетін оқытудағы тиімділігін анықтау

- Қазіргі кезде интербелсенді әдістемелер көптеген оқу бағдарламаларында қолданылады, себебі олар баланың дербес, сыни ойлауының қалыптасуына, өз пікірін дәлелдеу барысында затқа түрлі көзқараспен, алуан ұстаным тұғырынан қарауға, басқалардың таңдауы мен шешім қабылдау құқығын сақтау, өзгеше болу, сәйкеспейтін бағалау құқығын мойындауды қалыптастыруға мүмкіндік береді.
- А.Әлімов өзінің «Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану» деген кітабында интербелсенді оқыту технологиясының әдістерін жіктеп береді. Осыған орай оқытудың интербелсенді әдістемесін оқыту үдерісінде қолдануда интербелсенді әдістердің ішінде төмендегілері ерекше бөліп көрсетіліп, оларға сипаттама беріледі.
- 1. *Мотивация немесе Қызығушылықты ояту кезеңінде қолданатын тәсілдер.* Сабақтың бұл кезеңінде студенттер дәріс мазмұнын өздерінің бұрынғы білімдерімен салыстырып, байланыстырады. Бұл кезеңдегі басты мақсаты – жаңа білім қабылдауға және игеруге белсенділендіру. Студенттер тақырып бойынша сұрақтар қалыптастырып, өз мақсаттарын айқындайды. Сабақтың бұл кезеңінде студенттер «Не білемін?», «Не білгім келеді?», «Жаңа білімнің маған берер пайдасы қандай болмақ?» деген сұрақтарға жауап беруге ұмтылады.

БЕКІТУ СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

- Дәстүрлі классикалық романдармен салыстарғанда қазіргі постмодерн стиліндегі романдарды оқу барысында қабылдауға қандай қиыншылықтарды сездіңіз?*
- Роман-толғау (С. Елубай «Жалған дүние»), роман-тәмсіл (Ж. Қорғасбек «Үлпілдек»), роман-детектив (З. Төлеуова «Банкирдің өлімі»), психологиялық роман (М. Мағауин «Жармақ»), роман-философия немесе философиялық диалогия (М. Есламғалиев «Әйтеке би»), роман-эссе (Қ.Ысқақ «Келмес күндер елесі») т.б. түрлерімен таныстыңыз? Өзіңіз оқыған жаңа заман романдарының жоғарыдағыдай терминдік атаумен берілуіне не себеп болды?*

№ 9 дәрістің тақырыбы: Әдеби материалды оқыту, көркем мәтінді меңгерту бағытындағы әлемдік әдістеме тәжірибелері негізінде әдебиет сабақтарын ұйымдастыру мен өткізу

Мақсаты: Әдебиеттің кезеңдерін оқыту барысында қазақ прозасы мен поэзиясындағы жанрлық өзгерістердің ерекшеліктері, әдеби туындының құрылуын түсіндіру.

Әдебиет – ұлттық танымның қайнар көзі, сондықтан көркем шығармадан алынған үзінділерді оқулыққа ендіруде төмендегідей қағидалар басшылыққа алынған:

- Шығарманың жанрлық, композициялық тұтастығы;
- Оның ұлттық қазына екендігі;
- Мәтіндердің сәйкестігі мен сабақтастығы;
- Әдебиетті сөз өнері ретінде таныту;
- Оқушы тілін дамыту негізінде оқырмандық біліктілікті қалыптастыру;
- Оқушылардың тілдік қатынасын коммуникативтік түрде дамыту;
- Бұл жерде міндетті түрде оқушылардың пән бойынша іскерліктерін танытатын, жалпы іскерліктерін дамытатын шығармашылық әрекет қажет. Әдістеме аппаратының басты функциясы – көркем шығарманы қабылдануға үйрету болғандықтан оқушы мен мұғалім арасында жүйелі байланыс орнығуы керек.

№ 9 дәрістің тақырыбы: Әдебиеттің жоғары мектептің әдеби білім мазмұнының құрылымдық жүйесіндегі орны

Мақсаты: Қазақ әдебиетін жоғары мектепте оқытудың әдеби білім мазмұнының құрылымдық жүйесіндегі орнын саралау

- Қазақ әдебиетін оқытуда жалпы дидактикалық, білім берудің парадигмасымен байланысты ұстанымдарынан бөлек әдебиеттану ғылымын басшылыққа алатын төмендегідей жеке ұстанымдарды ескерудің маңызы зор:
- 1. Тарихи-әдеби үрдістің тұтастығы ұстанымы. Әдебиет тарихында мазмұндық және көркемдік құндылығы маңыздылығы төмен немесе мүлдем қажетсіз кезең болмайды. Әрбір кезеңнің жеткен жетістігінде өткен дәстүр жалғастығы болады, әдебиеттің тарихи әрі мәдени тұтастық маңыздылығы осында жатыр. Зерттеуге негіз болып отырған ХХІ ғасыр романдарының тарихилық сипаты жаңа дәуірдегі тарихи тақырыптардың бүгінгі күн шындығын, заманауи мәселелердің соны бағытта жазылуымен ерекшеленеді. Қ.Жұмаділовтің «Прометей алауы», Т. Тілеухановтың «Соңғы сері», Ұ.Доспанбетовтың «Абылайдың ақ туы», Қ.Мұқамбетқалиевтің «Тар кезең», Х. Әдібаевтің «Отырар ойраны», С. Досановтың «Қылбұрау», «Ұйық», Ж.Ахмадидің «Айтұмар», т.б. қаламгерлердің шығармаларының тұрғандығыеліміздің бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күрес тақырыбының қазіргі тарихи романның жаңа беттерінің сүбелі бөлігін құрап отырғандығын көрсетеді.
- 2. Көркем әдеби туындының мазмұн мен пішін тұтастығы ұстанымы.Әдебиетті оқытуда негізге алынатын көптеген жалпы дидактикалық ұстанымдар (ғылымилық, қолжетімділік, жүйелілік, сабақтастық, т.б.) әдеби туындының мазмұн мен пішін тұтастығы ұстанымын негізге алуы маңызды болмақ.

3.Тарихи-дүниетанымдық ұстанымы.Курс бағдарламасының хронологиялық сипатта құрылуы студентке ғаламның бейнесін, қазақ және әлем тарихы мен мәдениетін біртұтас жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық құндылықтар деңгейінде түсінуге, логикалық ойлауды қалыптастыруда, рухани дүниесін байытып, патриоттық негіздерін қалыптастыруда нәтижесін береді.

4. Әдеби өлкетану материалдарын ескеру ұстанымы. Бұл ұстанымның негізінде өлкетануға қатысты тарихи деректі құжаттардың негізінде көркем шығармаларды іріктеп, студенттердің өлкетану мәдени құзыреттіліктерін дамытуға негіз болады.

\

БЕКІТУ СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

- М.Мағауин, А.Смайыл, Н.Қуантайұлы, Ә. Ыбырайымұлы, Ж.Қорғасбек, Ә.Асқаров, Ж.Шаштайұлы, С.Елубайұлы, Д.Амантайұлы, А.Кемелбаевалардың зерттеу нысанына алынған романдарынан аллюзия, реминисценция, цитаталар, кодталған жасырын мағына, антиқаһармандардың жүйесін табыңыз. Олар көркем шығарманың алдына қойған мәселесін, авторлық позициясын ашуға қаншалықты көмектеседі?*
- Талданып отырған шығармаларға қандай постмодернистік элементтер тән?*
- Аталған авторлардың романдарындағы басты образдарға сипаттама беріңіз.*
- Аталған романдардың кейіпкерлеріне жалпыадамзаттық құндылықтар, отбасы, Отан, қайырымдылық, махаббат сынды ұғымдар және оларға қарама-қарсы түсініктердің қайсысы тән?*

№ 10 дәрістің тақырыбы: Әдебиетті жоғары мектепте оқытудың дидактикасы

Мақсаты: Қазіргі кезеңдегі оқыту жүйесінің ерекшеліктері мен оқу үрдісіндегі жаңалықтарды және оқытудың жаңа технологиясының өзіндік ерекшеліктерімен таныстыру

- Әдебиетті оқыту әдістемесінде көркем шығарманы талдаудың жалпы тақырыптық мәселелеріне байланысты, әсіресе, талдау барысында шығарманың сюжетін, композициясын, әдеби кейіпкерді, әдеби туындының идеялық-көркемдік қуатын танытуды мақсат еткен зерделі зерттеулерді тілге тиек ете отырып, біз орыс әдебиетін оқыту әдістемесін зерттеушілердің ғылыми еңбектеріне сүйенді.
- Сол сияқты қазақ әдебиеттану ғылымында бұл тақырып белгілі бір шамада тиісті шешімін тауып келе жатқанымен, оқыту әдістемесінде жеке әдістемелік еңбектер, арнайы ғылыми негіздегі зерттеулер өте сирек, тіпті жоқтың қасы. Әйтсе де, еліміздің көрнекті әдіскер-ғалымдарының еңбектерінде, сондай-ақ тәжірибелі жаңашыл ұстаздардың әдістемелік нұсқауларында көркем шығарманы орта мектеп қабырғасында оқытуға, талдауға байланысты құнды пікірлер айтылып келе жатқаны белгілі. Дегенмен, бұл пікірлер жоғары мектепте эпикалық шығармаларды, ХХІ ғасыр романдарын оқыту ерекшеліктерін қамтитын оқу құралдары мен оқу бағдарламаларының аз болуын, оқытудың әдістемелік жолдарының арнайы зерттелмеуін, оқытудағы инновациялық технологиялардың сарапталмауын, қазіргі оқыту заман талаптарына сәйкес келмейтіндіктерін көрсетеді.

Қазақ әдебиетін оқытудың заман талабына сәйкес қолданылуы бірінші: инновациялық технологияларды қолданумен, екінші: студенттердің танымдық белсенділіктерін, қоғамдық ортасын ескерумен байланысты екендігіне назар аудардық. Әдебиеттанушы ғалым З.Қабдоловтың: «эпосты жанр деп білсек,оның шағын, орта және кең көлемді үш түрі белгіленеді де, шағын көлемді эпикалық түрге – очерк, новелла, оқиғалы өлеңдер, орта көлемді эпикалық түрге – повесть, поэма, ал кең көлемді эпикалық түрге – роман, эпопея тәрізділер жатады», – деген пікірін дәйектей отырып, зерттеу жұмысымызда әдіскер-ғалым Т. Ақшолақовтың: «оқыту процесінде мұғалім жанрлық, көркем ерекшеліктеріне көңіл бөліп отыру керек» – деген ойын басшылыққа ала отырып, кең көлемді эпикалық шығармаларды оқытуда қандай мәселелерге көңіл бөлу керек, талдаудың қай түрі тиімді, қандай әдіс-тәсілдер нәтижелі болмақ екендігін дәлелдеуге ұмтылдық. Кең көлемді эпикалық шығарманы оқытуда ұтымды әдіс-тәсілдерді пайдалана білу студенттердің тек теориялық ойлауы мен мәтінді терең түсініп қана қоймай, олардың интеллектуалдық дамуын, адамгершілік-этикалық және рухани тәрбие алуын, іскерлігін қамтамасыз ететінін көрсететіні байқалды.



БЕКІТУ СҰРАҚТАРЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

- Қазіргі қазақ жазушылары және ХХІ ғасыр шеңберінде жазылған қазақ романдарынан есімдері таныс, өзіңіз оқыған туындылардың авторларын атап бере аласыз ба?*
- ХХІ ғасыр шеңберінде (2000 жылдан бері қарай) жарық көрген М.Мағауин, Қ.Жұмаділов, К.Сегізбайұлы, Қ.Мұқамбетқалиев, А.Смайыл, Н.Қуантайұлы, Ә. Ыбырайымұлы, Ж.Қорғасбек, Ә.Асқаров, Ж.Шаптайұлы, Д.Бейсенбекұлы, А.Әлменбеттің романдарымен таныссыз ба? Егер таныс болсаңыздар, оқыған авторларыңыздың романдарының атауын көрсетіңіз.*
- ХХІ ғасырдағы қазақ романдарының тақырыптық бағыттарын жіктеп көрсетіңіз.*